

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультеті,  
Қыры Шығыс кафедрасының докторанты**

**Мошқал Мәдина Асқарбекқызының**

**«Жапонияның тұрақты даму моделі: «Junkangata Shyakai» («Қайта өндеу  
қоғамы») іргелі жоспарының мысалында» тақырыбындағы  
«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша Философия  
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация жұмысына  
Отандық ғылыми кеңесші, PhD, аға оқытушы Е.А. Ахаповтың  
ПІКІРІ**

Мошқал Мәдина Асқарбекқызының «Жапонияның тұрақты даму моделі: «Junkangata Shyakai» («Қайта өндеу қоғамы») іргелі жоспарының мысалында» тақырыбындағы диссертациясы өте өзекті, теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды ғылыми мәселеге арналған.

Автордың зерттеу тақырыбының өзектілігі адамзат алдында экологиялық, экономикалық және әлеуметтік дағдарыстардың өзара шиеленісуіне байланысты жаһандық деңгейде тұрақты дамуға қол жеткізу қажеттілігінде жатыр.

Тұрақты даму тұжырымдамасын жүзеге асырудың Жапонияның тәжірибесі, соның ішінде қалдықтарды тұрақты басқаруға негізделген «Junkangata Shyakai» («Қайта өндеу қоғамы») іргелі жоспарын ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеу маңызды. Жапонияның тұрақты даму жолындағы кешенді саясатының негізгі бағыттары, заңнамалық реттеу мен қолдау механизмдерін жіті талдау, технологиялық инновациялардың тұрақты даму мақсаттарына жетудегі рөлін терең қарастыруды қажет етеді.

Қалдықтарды тиімді басқару тұрақты дамудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Себебі ол экологиялық тепе-тендікке, ресурстарды ұтымды пайдалануға және қоғамдық денсаулықты сақтауға тікелей әсер етеді. Бұл саладағы халықаралық стандарттар мен келісімдер, мысалы, Базель конвенциясы, Стокгольм конвенциясы, сондай-ақ Еуропалық Одақтың қалдықтарды басқаруға қатысты директивалары – көптеген мемлекеттердің ұлттық реттеу жүйелеріне негіз бола отырып, қалдықтарды басқарудың жаһандық құқықтық және институционалдық құрылымын қалыптастырады.

Қазақстан үшін тұрақты даму ұзақ мерзімді экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мемлекеттің және халықаралық стратегиялардың маңызды элементі болып табылады. Сондықтан, Жапонияның тәжірибесін зерттеу Қазақстанның ресурстарды тиімді пайдалану және қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге көмектесетін құнды мәліметтер береді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу елдегі ғылыми басымдықтармен үндесіп, оның қорытындылары практикалық маңызға ие.

Диссертацияның негізгі бағыты Жапония тәжірибесін зерттеуге арналса да, зерттеу барысында оның Қазақстан жағдайына бейімделу мүмкіндіктері де қарастырылады. Зерттеу әсіресе қазіргі таңда өзекті екенін атап айтқан жөн. Өйткені әлемнің көптеген елдері ресурстарды тиімді басқару мен қоршаған ортаға

әсерді азайтуға бағытталған инновациялық әрі дәлелденген шешімдерді іздеуде. Жапонияның «Қайта өндеу қоғамы» іргелі жоспарын жүйелі түрде енгізуі тұрақты даму саласындағы жаһандық бастамалар үшін құнды тәжірибе ұсынады. Осылайша, бұл зерттеу тұрақты даму мәселелері бойынша маңызды ғылыми үлес қосатыны анық.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты тұжырымдалған, оның объектісі мен пәні дұрыс анықталған, заманауи теориялар негізінде қойылған гипотезасы мен тұжырымдары да жүйелі. Бұл автор қойған мақсат және шешкен міндеттер ауқымын көруге мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы қисынды құрастырылып, қойылған зерттеу мақсаты және жүйелі қалыптасқан академиялық көзқарас шенберінде жасалған. Диссертация кіріспе, сәйкесінше үш тараудан тұрады; 1-ші – ««Тұрақты даму» тұжырымдамасының теориялық негіздері». 2-ші – ««Junkangata Shyakai» («Қайта өндеу қоғамы») іргелі жоспары: экологиялық тұрақтылыққа негізделген әлеуметтік даму моделі», 3-ші – «Жапония мен Қазақстандағы экологиялық тұрақтылық және оны басқару жолдары». Осылайша, әрбір тарау тараушалардан, қорытынды, диссертациялық әдебиеттер тізімі, қосымшалармен толықтырылған. Яғни, ғылыми жұмыстың осы түрі үшін қойылатын негізгі талаптарға сәйкес келеді.

Зерттеудің хронологиялық шенбері негізделген және күмән тудырмайды. Диссертацияның теориялық маңыздылығы зерттеу мәселесіндегі олқылықтардың орнын толтырып, берілген тақырып бойынша ғылыми білімнің артуына ықпал ететіні сөзсіз. Жұмыстың он және сөзсіз маңызды артықшылықтарының қатарында ғылымилық, объективтілік және бірқатар жалпы және арнайы ғылыми зерттеу әдістерін қолдануды қамтитын зерттеудің әдіснамалық негізін де қосу керек.

Жұмыстың практикалық маңызы да жоғары және мынада; жұмыстың мазмұны мен нәтижелерін шығыстанушылар, әлеуметтанушылар, саясаттанушылар, экономистер, экологтар, Қазақстан және Орталық Азия елдерінің, Ресейдің, шет елдерінің мамандары «Коршаған орта және тұрақты даму», «Шетелдік аймақтану», шығыстану, аймақтану, экология пәндері бойынша оқулықтар дайындау, негізгі және қосымша оқыту курстарын әзірлеуде пайдалана алады. Диссертациялық зерттеудің тезистері мен ұсыныстарын Сыртқы істер министрлігіне, дипломаттарға, Жапония және Орталық Азия елдерімен ынтымақтастыққа мүдделі әртүрлі елдердің қоршаған орта саласы және тұрақты даму мәселесімен жұмыс істейтін мамандарына ұсынуға болады.

Корғауға ұсынылған тұжырымдар ешқандай күмән тудырмайды, қорытынды зерттеу нәтижелерін нақты тұжырымдайды. Жұмыстың негізгі тұжырымдары сынақтан өтті, диссертацияның жекелеген мәселелері мен қорытындысы әртүрлі деңгейдегі ғылыми конференцияларда авторлық жариялымдар, стендтік және секциялық баяндамаларда ұсынылды. Жарияланымдарда Жапониядагы тұрақты даму саясаты, қалдықтарды басқару тәжірибесі және айналмалы экономика тұжырымдамасының ғылыми негіздері

жан-жақты талданып, диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы ғылыми ортаға ұсынылды. Зерттеу тақырыбы бойынша Scopus дереккорына енгізілген шетелдік журналда 1 мақала (Q1, Sustainability, процентиль – 88), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 4 мақала жарияланды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда 3 мақала көлемінде ұсынылып, кеңінен апробациядан өтті.

Корытып айтқанда, Мошқал Мәдина Асқарбекқызының «Жапонияның тұрақты даму моделі: «Junkangata Shyakai» («Қайта өндеу қоғамы») іргелі жоспарының мысалында» тақырыбындағы «8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация жұмысы барлық талаптарға сай және диссертациялық кеңеске ашық қорғауға ұсынылады.

**Отандық ғылыми кеңесші:  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
аға оқытушы, PhD**

**E.A. Ахапов**

**РАСТАЙМЫН**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кадрларды  
даярлау және аттесттаттау басқармасының басшысы

**ЗАВЕРЯЮ**

Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

« 13 » 05 2021 ж.т.

